

«Қара жәшік» бак па, сор ма?


Бүгінгі цифрлы заманың технологиялық ең үлкен жетістіктерінің бірі – жасанды интеллект (ЖИ). Оның дамуы кейбір қабілеттерді модељдер, күрделі есептеулер мен белгілі бір салалардағы процестерді жөнілдетуге мүмкіндік береді. ЖИ денсаулық сақтау, өндіріс, қаржы, келік және басқа да бірнеше салаларда кеңінен таралып келеді.

ЖИ-дің артықшылықтары, яғни оны қолданудағы қажеттіліктер процестерді жылдамдату, адамның қателерін азайту, еңбек өнімділігі мен қауіпсіздікі арттырудың көзі болып табылады. Себебі, ол өндірістердегі күнделікті қайталанатын түрлі есептеулерді, үлкен көлемдегі есептеулерді немесе деректермен жұмыс барысын тездетеаді. Киберқауіпсіздік бизнеске жаңа мүмкіндіктер ашып, медицина, көлік салаларындағы диагностикалық қажеттілікке, адам өмірін сақтауға ықпал етеді. Мұндай мүмкіндіктерге ие технологияның бұдан кейінгі даму сатысы біз көзге де елестете алмайтын жұмыстарға да қауқарлы болуы айден мүмкін.

Технологияның минут сайын дамуы, әрине, ете қуантарлық жағдай. Бірақ, ол қауіпсіз дегенді білдірмейді. ЖИ-дің дамуы көптеген артықшылықтар әкелседе, оның қауіпті жақтарын да ескеру қажет. Бүгінгі күн ЖИ-ді ойлап тапқан ғалымдардың өздері де біраз мәселелде дағдырып қалған жайлары бар. Ғылым тілінде ЖИ-дің сипаты – «Қара жәшік».

Жасанды интеллекттің «Қара жәшік» атаптында мән бар. Өйткені, кейбір мәселелерде шешім қабылдауының түсініксіздігі. Яғни ЖИ-дің интеллекттің беймемли жағдайда жұмыс істейді. Ол неге дәл осылай жауап берді, неге нәтижесі бұлай болды, қандай факторларды ескерді және қалай есептеді деген сұраптарға жауап ала алмайсыз.

Толығырақ айтқанда, жасанды интеллект мыңдаған, милиондаған күрделі нейрондық параметрлерден тұрады. Оның әрбір қабаты деректерді өздігінше өндейді, бірақ нәтиженің толық түсіндірмесі беймәлім. Мұнда ете үлкен деректер жиынтығы сақталған. Сол себепті адамға белгісіз кейбір заңдылықтарға негізделген жауаптар ашылмай қалады.



Келесі бір аспект – жасанды интеллект адам логикасынан тыс шешімдер қабылдайды. Сол себепті қоғамда үлкен резонанс тудыруда.

Медицина және сот жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген интеллект түсініксіз шешімдер шығаруы мүмкін. Мысалы, медицина саласында сізге белгілі бір диагноз қойылса, оның не нәрсеге сүйеніп қойылғаны туралы түсінкітеме жоқ. Медицинадан белек сот және қаржы саласында біржақты шешім шығарылса, бул әділетсіздікке әкелу мүмкін.

2016 жылы АҚШ сот жүйесінде «COMPAS» атты әділетсіз шешім қабылданған. Жасанды интеллектті сотталушылардың қылмыстық қайта жасау мүмкіндігін анықтау барысында өздеріне жүктеген бағдарламаны қолданып, алайда оның болжамдарын түсіндіре алмаған. Оның зерттеуінде қара насылді сотталушының қауіптілігі ақ насылді сотталушының қауіптілік ықтималдығынан екі есе жогары деп көрсеткен. Бұл оқиға ЖИ-дің біржақты шешім шығарып, компьютердің әділетсіз болуы мүмкін деген болжамын раставған. Осыдан кейін ЖИ-дің сот жүйесінде қолданылуы үлкен пікірталастарға ұласты.

ЖИ-дің адам өміріне қауіп тәндіретін жағдайлары да аз емес. Мысалы, бүгінгі күн жаңа технологиямен салынып жатқан түрлі үйлердің басым көшпілігі «Ақылды үй» технологиясына

негізделген. Мұндағы басты құрал – тағы да сол ЖИ. Үйдің әрбір құмылы: есіктің ашылуы, жарықтың жануы, бөлме температуrasesы, қуаттағыштар, тілті асу үйдегі түрмистік технологиялардың барлығы жасанды интеллекттің көмегімен жүзеге асады. Ал, егер жүйеде болмашығана ағаттық кетсе, адамның өміріне түрлі қауіпптер төнүі мүмкін.

ЖИ өзін-өзі жетілдіретін дөрежеге жетсе, адамның бақылауынан тыс әрекет ету мүмкін. Яғни оның мүмкіндіктері адамнан ақылдырақ болса, оны тоқтату мүмкін болмайды. ЖИ адамдарды жұмысынан айырып жатыр және бұл үрдіс әлі де жалғасады. Бұл еңбек күшінің төмендеуіне алып келеді. ЖИ жалған акпараттар таратып, адамдар арасында манипуляция жасай алады.

Бұл ескеретін мәселелердің бір белгілі ғана. Тәжірибе бұл жүмбақ әрі ғажайып технологияның жарық бөлігінен гөрі қаранғы тұстары көп екенін көрсетті. Сонымен, жасанды интеллект – болашақтың мүмкіндігі ме, әлде қайіп пе?

Бұл біздің ЖИ-ді қалай дамыттынымызға және қалай пайдаланатынызға байланысты.

**Лаура ЕСЕНГЕЛДІ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
2-курс студенті.**